

ЗА 2023 ГОД ПЕРЕВОЗКИ ГРУЗОВ ПО ТМТМ СОСТАВИЛИ 2,8 МИЛЛИОНА ТОНН, УВЕЛИЧИВШИСЬ НА 86% ПО СРАВНЕНИЮ С 2022 ГОДОМ. НА СЕГОДНЯ МАРШРУТ ПРЕДОСТАВЛЯЕТ КОНКУРЕНТОСПОСОБНЫЙ СРОК ДОСТАВКИ – В СРЕДНЕМ 12 СУТОК. В СРЕДНЕСРОЧНОЙ ПЕРСПЕКТИВЕ МЫ ЗАИНТЕРЕСОВАНЫ ДОВЕСТИ ОБЪЕМЫ ГРУЗОПЕРЕВОЗОК ПО КОРИДОРУ ДО 10 МИЛЛИОНОВ ТОНН.

Ерлан КОЙШИБАЕВ,
заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ» по логистике



№13 (2943)
06/02/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ЖОЛШЫЛАР ЖАҢА ТЕХНИКА АЛДЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі» филиалының Ақтөбе жол дистанциясында айтулы оқиға. Жолшылар мен олардың құрал-саймандарын тасымалдауға арналған су жаңа жол талғамайтын жүк көлігі дистанцияның Ақкемер станциясындағы №11 желілік теліміне жеткізілді.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

DONGFENG маркалы жүк көлігін жолшыларға салтанатты түрде табыстап, қуаныштарына ортақтасқандар қатарында Ақкемерге Ақтөбе жол дистанциясының басшысы Кеңес Нұртаевпен бірге «Қазкөліккәсіп» ҚБ «Батыс» филиалының төрағасы Рабит Садықов, тағы басқа лауазымды тұлғалар арнайы барды.

Жол күтіміне жауапты жолшылар Қытайда жасалған, іші кең, жүргізушіден бөлек алты адам еркін сыятын, артында құрал-сайман салатын бөлек борт бар, қыста жылы, жазда салқын болатын кондиционер мен бейнебақылау жүйесімен де жабдықталған су жаңа заманауи техниканы қызықтап риза.

Ақтөбе жол дистанциясының Тамды-Ақкемер станциясы аралығындағы жол күтіміне жауапты



№11 телімінің жол шебері Ізгілік Тілесов жолшылар жұмысының жеңілдігін айтып қуанды.

– Мұнда екі бригадада 13 адам жұмыс істейді. Күндіз-түні жол күтімін жасап, қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жолшыларға мұндай көлік

ауадай қажет. Жаңа көлік еңсемізді көтеріп тастады. Енді жұмыстың өнімділігі де арта түсетін болады, уақыт та үнемделеді, – деп қуанышпен бөлісті жол шебері.

Жақын күндері аймаққа тағы осындай екі техника жеткізілетін



көрінеді. Бұдан бөлек жол бойындағы теміржолшылар игілігіне жылжымалы модульдік ғимарат іске қосылады.

– Инвестициялық бюджеттен жұмысшыларды тасуға арналған үш техника алу қарастырылған. Жолдағы жұмысшылардың жағдайын жақсартуға бағытталған әлеуметтік бағдарламаға сай алынды. Біріншісі келді. Енді қалғанын да кезекпен алып, тарататын боламыз. Бұдан бөлек Ақтөбе жол дистанциясына биыл 58 домқрат және басқа да шағын механизация құралдары алынғанын айта кетейік, – деді Ақтөбе жол дистанциясының бастығы Кеңес Нұртаев.

Суреттерді түсірген автор

Әріптестік

КЕЛІССӨЗ НӘТИЖЕЛІ БОЛДЫ

Қазақстан мен Қытай теміржол әкімшіліктерінің Үрімшіде өткен жұмыс кездесуінде шекаралық темір жолдардың 2023 жылғы жұмысы қорытындыланып, 2024 жылға арналған жұмыс жоспары талқыланды. Қазақстандық делегацияны «ҚТЖ» ҰК» АҚ өндірістік процесс жөніндегі басқарушы директоры Бауыржан Орынбасаров, Қытай тарапын – «Үрімші темір жолы» ЖШҚ басқарма төрағасы Гао Цзяньян басқарды.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Өткен жылы екі ел арасындағы жүк тасымалдау көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 22% өсіп, рекордтық көрсеткішке – 28 млн тоннадан астамға жеткені атап өтілді. Бұл ретте Қазақстанның жүк жөнелтушілері экспортқа 12,6 млн тонна жөнелтіп, көрсеткіш 2022 жылғы деңгейге қарағанда 35% өскен. Астық экспорты 2 есеге, 2,2 млн тоннаға дейін, үн мен ұнтақ өнімдері – 3 есеге, 600 мың тоннаға дейін, өсімдік майы – 56%, 180 мың тоннаға дейін, түсті металдар – 41%, 500 мың тоннаға дейін, кокс 4 есеге ұлғайған. Кездесуде қазақстандық тарап өткен жылы атқарылған жұмыстар мен биылғы жылға жоспарланған

кең ауқымды жол жұмыстары, белгі беру және автоматика құралдарын жаңғырту, Мойынты – Достық учаскесінде инфрақұрылымды кеңейту туралы хабардар етті. Өз кезегінде Қытай тарапы Цзинхэ-Алашаңқай теміржол учаскесін жаңғыртуды таныстырды.

Кеңес қорытындысы бойынша тараптар Достық – Алашаңқай шекаралық өткелінде инфрақұрылымды дамыту жөніндегі жұмыстарды үндестіруге келісті. 2024 жылы инфрақұрылымды дамыту бойынша алдағы жұмыстарды ескере отырып, жүктерді тасымалдау көлемін өткен жыл деңгейінде сақтауға уағдаластыққа қол жеткізді.

Жұмыс сапары аясында қазақстандық делегация Үрімші темір жолының пойыздық



диспетчерлік орталығына барды, онда жүк пойыздарын қабылдау және тапсыру, алдын ала ақпарат алмасу, оның ішінде кедендік рәсімдерді жүргізу үшін электрондық форматтағы деректер мәселелері талқыланды. Сондай-ақ қазақстандық делегация Алашаңқай станциясының бондтық аймағындағы дәнді дақылдар мен өсімдік майларын түсіру бойынша жаңа терминалдың жұмысымен танысты. Тараптар тасымалдау технологиясы және қазақстандық агроөнімді

қабылдауды ұлғайту туралы да келісті.

Ал Тэчэн қаласында ҚХР көлік министрлігінің мемлекеттік теміржол әкімшілігі мен ШҰАА Тарбағатай округі басшылығымен келіссөздер өтті. Қазақстандық тарап Аяғөз – Бақты теміржол желісін және Бақты – Тэчэн үшінше шекаралық теміржол өткелін салу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы хабардар етті. Келіссөздер нәтижесі бойынша тараптар тиісті Хаттамаға қол қойды.

Сурет ҚТЖ сайтынан алынды

ФУНДАМЕНТ БУДУЩЕГО

АО «НК «ҚТЖ» и Maqсут Narikbayev University подписали меморандум о сотрудничестве. Документ будет способствовать разработке совместных образовательных программ для специализированной подготовки кадров и повышения квалификации работников.

Любовь РОББА,
Астана

Нацкомпания проводит планомерную политику по укреплению своего кадрового потенциала. В прошлом году в ҚТЖ утвердили Дорожную карту взаимодействия с профильными учебными заведениями на 2023-2024 годы, в рамках которой уже заключены 23 меморандума о сотрудничестве с учебными заведениями страны. Это позволяет со студенческой скамьи готовить лояльных компании специалистов, соответствующих всем

необходимым стандартам и требованиям, а также повышать квалификацию работающих сотрудников.

– Железная дорога играет ключевую роль в развитии экономики страны. И для ее успешного функционирования нам необходимы не только современные технологии и инфраструктура, но и высокопрофессиональные кадры. Именно кадровый потенциал – основа развития отрасли, – отметил во время церемонии подписания меморандума с Maqсут Narikbayev University руководитель аппарата АО «НК «ҚТЖ» Серик Кеулимаев.



Maqсут Narikbayev University предоставляет широкий гибкий профиль программ гуманитарного направления: экономика и право, финансы, учет и аудит, HR, менеджмент и т. д.

Сотрудничество с ҚТЖ будет способствовать разработке специализированных образовательных программ с учетом запроса работодателя под конкретные позиции и курсов переподготовки кадров, что укрепит профессиональные навыки сотрудников нацкомпания и повысит качество предоставляемых железнодорожных услуг. Студенты Maqсут

GLOBAL GATEWAY ИНВЕСТ ФОРУМЫ ӨТТІ

Бельгияның Брюссель қаласында Еуропалық Одақ пен Орталық Азия арасындағы көлік байланысы – Global Gateway инвестициялық форумы өтті.

ТХКБ-ны Еуропа мен Орталық Азияны байланыстыратын заманауи, бәсекеге қабілетті, тұрақты және жылдам бағытқа айналдыру жөніндегі ұзақ мерзімді мақсатқа қол жеткізуге ықпал ететін іс-шараға Орталық Азия елдерінің, ЕО-ға мүше мемлекеттердің, Транскаспий бағдары бойынша серіктес елдердің, халықаралық қаржы институттары мен жеке сектор өкілдері жиналды.

Форум аясында «Жұмсақ қосылым II: Дәлізді қалай жұмыс істетуге болады: қосылуды қамтамасыз ету үшін өзара әрекеттесу және үйлестіру» сессиясы өтті. Онда «Транскаспий халықаралық көлік бағдары» халықаралық қауымдастығы» ЗТБ Бас хатшысы Гайдар Әбдікерімов ТХКБ бағдарының өзекті инфрақұрылымдық мүмкіндіктерімен таныстырды, қағысушыларды ЕО және Орталық Азияның көлік жүйелерін белсенді түрде біріктіруге шақырды.

Сол күні қауымдастық пен DB E&C арасында ынтымдастық туралы меморандумға қол қойылды, ол көлік бағыттары бойынша тасымалдауды жақсарту арқылы еуразиялық кеңістіктегі сауда-экономикалық қатынастарды одан әрі дамытуға жәрдемдесуге арналған. Форумда халықаралық серіктестер Орталық Азиядағы тұрақты көлік байланысын дамыту үшін 10 миллиард еуро инвестиция беруге міндеттелетіні, оның ішінде Еуропалық комиссия мен Еуропалық инвестициялық банктің 1,5 миллиард еуро көлеміндегі жаңа міндеттемелері де жарияланды.

Ислам ТАЛПАТ

ИНВЕСТИЦИИ ЕВРОСОЮЗА

Более 30 проектов Транскаспийского международного транспортного маршрута планируется проинвестировать Европейский союз.

Об этом на форуме в Бельгии сообщила комиссар ЕС по транспорту Адина Вэлян. – Мы определили 33 потребности в инвестировании инфраструктуры ТМТМ, начиная от модернизации железных дорог и заканчивая увеличением пропускной способности портов на Каспии и обновлением флота, – отметила она.

По ТМТМ, который пролегает через Китай, Казахстан, акваторию Каспийского моря, Азербайджан, Грузию, Турцию и далее в страны Европы, осуществляются контейнерные перевозки железнодорожным и морским транспортом. На его развитие Евросоюз готов выделить 10 миллиардов евро.

– Современный ТМТМ является краеугольным камнем действий ЕС по содействию усилению региональной экономической интеграции и улучшению связей с Европой, – подчеркнула Адина Вэлян.

В 2023 году по Среднему коридору было транспортировано свыше 2,7 миллиона тонн грузов.

Роман ЛЮБИМОВ

МОДУЛЬДЕРДІ ҚОЮ СЕБЕБІМІЗ НЕДЕ? ҚАЗІР ШАЛҒАЙ БЕКЕТТЕР МЕН ОЛАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ПЕРЕГОНДАРДА ЖОЛ КҮТІМІН ЖАСАЙТЫН ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ЖЕТПЕЙ ЖАТЫР. ОЛАР СЫРТТАН, БАСҚА СТАНЦИЯЛАРДАН ҚАТЫНАЙДЫ. СОНДЫҚТАН ОЛАР ТҰРАТЫН ОРЫН ЖАЙЛЫ БОЛУЫ КЕРЕК. МОДУЛЬДІК ҒИМАРАТТАР БАРЛЫҚ ҚАЖЕТТІ ЖИҺАЗДАРМЕН ЖАБДЫҚТАЛҒАН, ИНЖЕНЕРЛІК ЖЕЛІЛЕР ТАРТЫЛЫП, КИІМ КЕПТІРЕТІН ШКАФТАРҒА ДЕЙІН ҚОЙЫЛҒАН

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ӨТКЕН ЖЫЛЫ
ТЕМІРЖОЛШЫЛАР

500

АСТАМ РАЦИОНАЛИЗАТОРЛЫҚ
ҰСЫНЫС ӘЗІРЛЕГЕН

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-НЫҢ НЕГІЗГІ
ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШІ –
ЖҮК АЙНАЛЫМЫ БЫЛТЫР

270 млрд

ТОННА-КМ ҚҰРАДЫ

МОБИЛЬДІ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ
КЕШЕННІҢ КӨМЕГІМЕН
2023 ЖЫЛЫ

314 мың

АСТАМ ШАҚЫРЫМ
ЖОЛ ДИАГНОСТИКАДАН ӨТКЕН

Narikbayev University, в свою очередь, получает уникальную возможность пройти стажировку в одной из ведущих компаний страны, получить практические навыки и знания на производстве.

– Меморандум открывает новые горизонты для наших студентов и преподавателей. Уверены, что совместная работа с ҚТЖ принесет ошугуимую пользу как нашему университету, так и железнодорожной отрасли Казахстана в целом, – подчеркнул проректор Maqсут Narikbayev University Сергей Пен.

Нацкомпания будет в постоянном контакте с центрами карьеры, бизнес-школой университета, чтобы направлять свои запросы по подготовке необходимых ей специалистов, университет, со своей стороны, будет осуществлять постоянную обратную связь и выстраивать учебный процесс для обогащения студентов необходимым набором навыков.

К слову, ежегодно в структуру ҚТЖ трудоустроивается несколько десятков выпускников Maqсут Narikbayev University, и в рамках сотрудничества это число, несомненно, увеличится.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ЖОЛ ҚҰРАЛДАРЫН ДАЙЫНДАЙДЫ

Ұлан ОРАЗ,
Астана



«ҚТЖ» ҰК» АҚ Магистральдық желі дирекциясының Павлодар конструкторлық-эксперименттік орталығы өткен жылы 13 358 жол құралын дайындады.

Ал биылғы жылы 15 мыңнан астам жол құралдарын жасап, 400-ден астам шағын механикаландыру бірлігін жөндеуді жоспарлап отыр. Конструкторлық-эксперименттік орталықтың бастығы Мұрат Макимовтің айтуынша, олар негізінен жол монтерлерінің жұмысына қажетті құралдарды шығарады. Бұл сынықтар, балғалар, кінгітердің әртүрлі түрлері, қапсырмалар. Сондай-ақ орталық қызметкерлерінің құшмен шағын механикаландыру құралдарын, домкраттарды, рихтовщиктерді, порталдық крандарды жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Болашақта шығарылатын құралдар мен жөнделетін механикаландыру құралдарының тізбесін ұлғайту және сапасын арттыру үшін қосымша станок, жабдықтар сатып алу жоспарлануда екен.

ҚТЖ жол және құрылыс департаментінің бас менеджері Қанат Базиловтың айтуынша, конструкторлық-эксперименттік орталық жыл сайын өз әлеуетін арттыруда. – Өндірілген өнім қауіпсіз және сапалы, мамандардың жұмысына күмәнданудың қажеті жоқ. Бұл кәсіпорынның жемісті дамуының барлық алғышарттары бар: жоғары білікті мамандар, материалдық база, ең бастысы – сауатты басқарушылық және кәсіби тәсіл, – деп атап өтті Қанат Базилов. Ол орталық мамандары энергетика, дабыл және байланыс қызметтері үшін де өнім шығаруға дайын екенін жеткізді.

БІРЛЕСЕ ӘРЕКЕТ ЕТПЕК

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



Семей ЖТ бөлімшесі бойынша жүк айналымы артып, тораптық станцияларда қозғалыс жиілеуі қауіпсіздік шараларын күн тақырыбына шығарып отыр.

Жуырда қауіпсіздікті бұзудың алдын алу, сонымен қатар пойыздың және маневрлік жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қамтамасыз ету мақсатында Шар станциясында «СОБ құрылғыларының қалыпты әрекеті бұзылған кезде пойыздар қозғалысына байланысты жұмысшылардың іс-әрекеттері» тақырыбында техникалық сабақ ұйымдастырылды. Практикалық көрсеткіштер бойынша өткен дәріске станция басындағы маневрлік жұмыстарға қатысатын барлық теміржолшылар жиналды. Іс-шараны ұйымдастырушы бөлімшенің қозғалыс қауіпсіздігі бөлімінің қызметкерлері белгіленген талап-ережелерді еске сала отырып, жиын өткізді. Қозғалыс ревизоры Алмас Андақаев оқыту бойынша нұсқаушылар көмегімен штаттық режим бұзылған жағдайдағы іс-әрекет бойынша кеңінен түсінік берді.

Техникалық дәріске Жаңа-Семей жол дистанциясы мен ШЧ-29 мекемесінің мамандары да жинағандықтан практикалық бөлім кең ауқымда өткізіліп, бағыттама бұрмадағы ақаулық кезіндегі міндеттерді айқындауда диспетчерлік байланыс та сығна түсті. Қазіргі таңдағы қалыптасқан ахуал жайлы ақпарат беріліп, алда орын алуы мүмкін күрмеулі мәселелер қарастырылып, оның шешімін табу үшін атқарылуы тиіс шаралар да сарапталды. Қасаң түрдегі ішпестерлік басқосу емес, еркін пікірталасу алаңы болғандықтан пойыз құрастырушылары, станция кезекшілері, диспетчерлер де өзіндік ой қосып, оқыс жағдай туындай қалған шақта мәселені шешімін табуға әріптестерімен бірге үйіңді. Мұндай техникалық сабақтар жолшылар мен байланысшылар, қозғалысшылардың бірлесу әрекет етуін ұйымдастыруда берері мол екені байқалды.

Үш бағытқа қызмет көрсететін Шар станциясында қызмет барысы қауырт. Жоспардан тыс жұмыстар да орын алып, кей сәттерде шұғыл шешім қабылдау қажеттігі де туындап жатады. Осындай техникалық дәрістер барысында теміржолшылар сындарлы сәттерде абдырамай, ұтымды жұмыс жүргізудің жай-жапсарына кеңінен қанығады.

Сұхбат

ТАБЫС КӨРСЕТКІШІ ЖАҚСАРДЫ

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Қаржы жөніндегі басқарушы директоры Даир Көшеровпен сұхбатымыз Компанияның өткен жылдағы жұмыс қорытындысы, қаржылық көрсеткіші, биылға жоспарланып отырған мәселелер төңірегінде өрбіді.



Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

– Даир Әділбекұлы, «ҚТЖ» ҰК» АҚ өткен жылды қаржылық көрсеткіш жағынан қалай қорытындылады? Қандай тасымал түрлеріне кіріс көбірек түсті? – Компания 2023 жылды өз қызметінің барлық бағыттары бойынша жақсы көрсеткіштермен аяқтады. 2022 жылға қарағанда кірістер жүк тасымалы бойынша 32,7%-ға, жолаушылар тасымалы бойынша 15%-ға өсті. Бұл ретте кірістің өсуі қарқыны шығыстардың өсуі қарқынынан айтарлықтай асып түсті, бұл таза пайда көрсеткішін жақсартуға мүмкіндік берді.

Алынған табыс ең алдымен өндіріс персоналы арасында қолайлы климатты сақтау және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайды жақсартуға бағытталған. Жалпы табыстың 34%-ын құрайтын жалақы 29%-ға өсті. Өткен жылмен салыстырғанда 150 миллиардқа артық төленді. Негізгі қорларды қалыптастыруға ұстау жұмыстары да жүйелі түрде жүргізілуде. Жөндеу және техникалық қызмет көрсетуіне 379 млрд теңге (жалпы кірістің 20%) арналды.

2023 жылға арналған жұмыс нәтижелері бойынша алынған таза пайда жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсартуға, негізгі құралдарды ұстауға және жаңартуға бағытталатын болады.

– Компания тарапынан қаржыланған жобалар: цифрландыру, инфрақұрылымды дамыту, локомotive/вагон паркін жаңарту, локомotive/вагон паркін жаңарту, локомotive/вагон паркін жаңарту, локомotive/вагон паркін жаңарту... – «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның инвестициялық қызметі теміржол көлігінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету, тасымалдау қызметінің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыруға бағытталып отыр. Осыған орай, 2023 жылы темір жол инфрақұрылымын дамытуға және жылжымалы құрамды жаңартуға қатысты қомақты инвестиция бөлінген жобаларды атап өткен жөн. Мәселен, бытыр Достық – Мойынты учаскесінде екінші жолдардың құрылысы бойынша қарқынды жұмыстар жалғасты; Дарбаза-Мақтаарал, Бақты-Ангөз теміржол желілерінің және Алма-

ты теміржол торабын айналып өтетін айналма теміржол желісінің құрылысы басталып, Саян қаласында жүк терминалы салынды. Бұдан бөлек инфрақұрылымды жақсарту мақсатында өткен жылы 557 км жолда жоғарғы құрылымды жаңғырту және жөндеу жұмыстары жүргізіліп, өңдеудің балама түрлерін қолдану арқылы 405 км жол жөндеді. Компания кірісінің негізгі бөлігін жүк тасымалы құрайды дедік, ал тасымал үздіксіз жүзеге асуы үшін жылжымалы құрамды жаңалап отыру қажет. Міне, осы бағытта да үлкен жұмыстар атқарылды. Атап айтсақ, 113 бірлік локомotive сатып алынып, 63-не күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді; сондай-ақ 635 бірлік жүк вагондары сатып алынды, ал 5 370 бірлік күрделі жөндеуден өтті. Теміржол көлігін пайдаланатын жолаушыларға да қолайлы жағдай жасау – Компания ұстанған басым бағыттардың бірі. Осы мақсатта бытыр 102 бірлік жолаушылар вагондары сатып алынып, 25-не күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұдан бөлек, теміржол инфрақұрылымын жаңарту мен қалпына келтіруге, көлік логистикасын дамытуға және қозғалыс қауіпсіздігі деңгейін арттыруға бағытталған шаралар іске асты.

– Өткен жылы теміржолшылардың жалақысы қанша пайызға көтерілді, жалпы жалақыға кеткен қаржы мөлшері қандай? – 2023 жылы желілік персоналдың жалақысы 20%-ға, яғни 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 5%-ға, 1 наурыздан бастап 15%-ға өсті. Жалақы өсіруге компания тарапынан 86 млрд теңге бөлінді. Жалпы, соңғы үш жылда компания теміржолшылардың жалақысын көтеруге 241 млрд теңге бөлінді.

– Даир Әділбекұлы, ҚТЖ компаниясы жыл сайын өз қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетіп, осы бағыттағы түрлі іс-шараларға да қомақты қаржы бөлетіні белгілі. Осы ретте, Ұжымдық шартта қарастырылған әлеуметтік пакет бойынша жұмсалған қаржы туралы айтып берсеңіз... – Компания тобы бойынша 2023 жылы қызметкерлерді сауықтыруға бюджет бойынша 2 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді. Санаторийлерде 10 000-ға жуық жұмысшы мен зейнеткер сауықтырылды. Сонымен қатар бытыр Компания бойынша 7-13 жас

аралығында балалары бар 6333 жұмысшыға Қазақстан бойынша 17 балалар лагеріне жолдама берілді. Ұжымдық келісімшарт бойынша Компания жолдама сомасының 90%-ын, ал сала қызметкері 10%-ын ғана төлейді. Сауықтыру орталықтарына дейін және кері қарай балалар үшін жол шығынын «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамы көтерді. Яғни теміржолшы отбасының балалары тегін жол жүріп, демалып келді. Осылайша, балаларды сауықтыру іс-шарасына 677 млн теңге бөлінді. Бұдан бөлек, Компания балалардың жүріп тұруы, сауықтыру орындарында болған кезінде медициналық сақтандыру қызметтерін де көрсетеді.

Қазіргі уақытта 2024 жылға арналған бекітілген бюджетте теміржолшыларды әлеуметтік қолдауға шамамен 20 млрд теңге көзделген, оның ішінде келесі бағыттар бойынша – ерте зейнетке шығу (салалық жәрдемақылар) – 5,6 млрд теңге; емделуге, бала тууға, жерлеуге және тіс протездеуге материалдық көмек – 1,9 млрд тт; балалар демалысы, балаларға арналған жаңа жылдық сыйлықтар мен ертеңгіліктер – 2,4 млрд теңге; санаторий-курорттық сауықтыру-2,5 млрд теңге; темір жол жүру шығындарын өтеу, көлікпен және тұрғын үйді жалға алу үшін – 1,3 млрд теңге; халықаралық әйелдер күніне және көлік қызметкерлері күніне (зейнеткерлерге) біржолғы сыйлықақылар – 730 млн тт; спорттық іс-шараларды өткізу – 574 млн тт; зейнеткерлікке шығатындарға біржолғы өтемақы – 572 млн тт; басқа да әлеуметтік жеңілдіктер (балаларды қорғау күніне, отбасы күніне, некені тіркеуге байланысты көмек және т. б.) – 2,9 млрд теңге қарастырылған.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта Ұжымдық шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты 2024-2026 жылдарға арналған жаңа Ұжымдық шартқа қол қойылып, бекітілген білесіздер. Осыған байланысты жалпы бекітілген әлеуметтік жеңілдіктер мөлшері тағы да 5 млрд теңгеден астам сомаға ұлғайтын болады.

– Теміржолшыларды ынталандыру, материалдық қолдау, яғни рауқысына, КТУ, оқыту бағдарламалары сияқты іс-шаралары да қомақты қаржыны қажет етсе керек... – Әлбетте. Еңбекке қатысу коэффициенті (КТУ) қағидаты бойынша өндірістік персоналға сыйлықақы беруді дамыту бойынша жұмыс жалғасуда. Сыйлықақының аталған түрін енгізу 2020 жылдан басталған болатын. Қазіргі уақытта өндірістік персоналдың 87%-ы бұл сыйлықақымен қамтылды. 2024 жылдың 1 тоқсанының соңына дейін барлық негізгі өндірістік персоналды ағымдағы сыйлықақымен қамту жоспарлануда. 2023 жылы КТУ бойынша нақты шығындар 14,8 млрд теңгені, рационализаторлық қызметтер үшін бөлінген қаржы көлемі 25 млн теңгені құрады.

Компания өз қызметкерлерінің кәсіби, жеке, іскерлік және басқарушылық қызыреттерін дамыту

бойынша жүйелі түрде жұмыс істеп келеді. Қазіргі уақытта Компанияның еліміздің әр өңірінде орналасқан бес оқу орталығы жұмыс істейді. Олардың негізінде 2023 жылы 22 034 қызметкер оқытылды, ал есепті жылы оқудан өткен қызметкерлердің жалпы саны 38 918 қызметкерді құрап, жұмсалған қаражаттың жалпы сомасы 1,9 млрд теңгені құрады.

Қоғамның әрбір қызметкерінің кәсіби және жеке әлеуетін арттыру, сондай-ақ өндіріс менеджерлерін оқыту және құзыреттіліктерін дамыту жүйесіне жаңа тәсілдер енгізу, тұрақты дамуды қамтамасыз ету, тұрақты өзгерістер жағдайында өндіріс тиімділігін арттыру мақсатында 2023 жылы кәсіпорынның 33 бас инженері «Алғы шеп», 53 машинист-нұсқаушысы «Кәсіби шамшырақ» және 85 жол қозғалысы қауіпсіздігі ревізоры «Қауіпсіздік сақшылары» корпоративтік даму бағдарламалары бойынша оқыды. Сондай-ақ бытыр наурыз айында, аймақтық және желілік деңгейдегі қызметкерлердің және іскерлік құзыреттерін дамытуға бағытталған «Білім экспресі» жаңа жобасы іске қосылды. Ерекшелігі, қызметкерлер өз аймағынан тыс жерлерге шықпай-ақ тренингтерге қатысты. Оқыту бағдарламасын өзінің функционалды саласында үлкен сараптамалық жұмыс тәжірибесі бар және білім мен дағдыларды беруге дайын компанияның сертификатталған ішкі тренерлері жүргізді. 13 өңірден 1565 қызметкер «Қақтығыстарды басқару», «Стреске қарсы тұру», «Тіімді коммуникациялар» және «Тұтынушыға назар аудару» тақырыптарында білімдерін жетілдірді. Бұл ігі шаралар биыл да жалғасын табады.

– Өңірмімізді 2024 жылдың қаржылық жоспары және теміржолшылардың жалақысын көтеру, басқа да енгізілетін қаржылық-материалдық көмектермен қорытындыласақ...

– 2024 жылы Компанияның «Таза пайда» көрсеткіші 206,5 млрд теңге көлемінде жоспарланған. Жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізу үшін Компания көрсеткіштерге тарифтерді көтеруді және жүктер мен жолаушыларды тасымалдау көлемін арттыруды жоспарлап отыр. Әрине еңбек ұжымдарында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету саласында алға қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін Компания қызметкерлерге еңбекақы төлеудің бәсекеге қабілетті жағдайларын жетілдіру бойынша барлық күш-жігерін жұмсайды. Соңғы үш жылда компания теміржолшылардың жалақысын көтеруге 241 млрд теңге бағыттады, 2013 жылдан бері жалақы деңгейін айтарлықтай арттыру жүзеге асырылған жоқ. Ал теміржолшылардың жалақысын көтеру мәселесіне келсек, 2024 жылға арналған бюджет жобасында өндірістік персонал қызметкерлерінің жалақысын 7%-ға өсіру қарастырылған.

– Рахмет!
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ЖАҚСЫНЫ КӨРМЕК ҮШІН...

Жамбыл теміржолына қарайтын Жастар станциясына жолымыз түсті. Мақсатымыз – санаулы ғана адам еңбек ететін шалғайдағы шағын станция жұмысымен танысу болды. «Жақсыны көрмек үшін» демекші, өткен жылы осы станцияға жеткізілген модульдік үйдің игілігін теміржолшылар қалай пайдаланып отыр, оны да көзбен көріп қайттық.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл облысы

Шу – Мойынты телімінің бойындағы ірі станция Сарышағаннан пойыздан түсіп, әрі қарай автокөлікпен жол тарттық. Екі ортадағы арақашықтық 70 шақырымдай. Арада салынып жатқан «Балқаш-Бурыйбайтал» тас жолының кейбір учаскелерінде құрылыс жұмыстары әлі аяқталмаған. Жеңіл көлікпен жүйткіп, тез жегемін дегенім өзінде әрі-бері бір сағат анық кетеді.

Жастар станциясының бастығы Нұрсұлтан Бөлдеш шағын бекеттің

шаруасымен, ауысыммен жұмыс істейтін теміржолшылармен таныстырды. Күнделікті қажеттілікке қарай 2-3 адам кезекшілікке шығады екен. Жалпы 3 кезекші, 5 механик жұмыс істейді. Олардың көбі Сарышаған секілді жан-жақтағы елді мекендерден қатынайды екен.

– Тұрғын үйлер аз болғандықтан, Жастар станциясына қазір жолаушылар пойызы тоқтамайды. Солтүстік пен оңтүстікке қатынайтын жергілікті пойыздар, №113 «Алматы-Қазан» пойызы ғана тоқтап өтеді. Шағын болса да күрежолдың бойында, қозғалыс қа-

уіпсіздігіне үлкен станциялармен бірдей жауаптымыз. Сондықтан станцияда тәулік бойы кезекшілік ететін теміржолшыларға қолайлы жағдай жасалуы аса маңызды. Бұрын олар жатақханаға барып жататын. Кейін ары-бері қатынау қиындық туғызған соң, станциядан бір бөлмені арнайы жабдықтап бердік. Дәлізге стол қойып, сонда тамақтанатын. Өткен жылы анау тұрған модульдік үй келіп, қазір соның бәрі шешімін тапты, – дейді Нұрсұлтан Бөлдеш.

Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі басшылығы бытыр қараша айында алынған үш мо-



дольдік үйдің біреуін Сарышаған белгі беру және байланыс дистанциясына беріп, олар өз кезегінде желтоқсан айында оны шалғайдағы осы Жастар станциясына қойыпты. 2022 жылы екеуін алып, олар Науалы мен Көктас станцияларына қойылған болатын.

Біз келгенде сенбі-жексенбіге ауысымға келген кезекші мен электрмеханик модульдік үйдегі орталық су жүйесіне жалғанған бөшкеге су толтырып жатты. Станцияға ауыз су күн сайын тасымалданып жеткізіледі демесеңіз, арнайы ыдысқа құйған соң, әрі



қарай бәрі автоматтандырылған. Душтан да, краннан да ыстық-суық су үзілмейді екен.

– Бытырғы желтоқсанда 4 адамға арналған осы модульдік үй келіп, жанымыз кіріп қалды. Шағын ғана болса да ішінде жаңға қажетті бәрі бар. Тоңазытқыш, қысқатолқынды пеш, екі электр пеші, теледидар, қолжұғыш пен душ дейсіз бе, бір сөзбен айтқанда жан шақырып, жағдайымыз жақсарып қалды. Теледидар ютубқа қосылған, интернет байланысы жақсы. Кондиционерге дейін қойып берді. Жаздың аптап ыстығында


тіпті рахат болатын болды. Шүкір, теміржолшылардың тұрмыс және еңбек жағдайын жақсартуға кейінгі жылдары көп көңіл бөлініп келеді, біз де міне игілігін көріп отырмыз, – дейді түскі астың қамын жасап жатқан электрмеханик Қадырхан Майбасов.

Әрине, жағдай жайлы болған соң, жұмысқа деген жауапкершілік те, ынта да басқаша болады. Теміржолшылар аз уақыт ішінде «өз үй – өлең төсегіне» айналып үлгерген осы бір ұядай үйге көңіл бөліп, ауыстырып ұстайтын 8 төсек-орын мен ас үй жабдықтарын таза ұстауға тырысады.

Сарышаған белгі беру және байланыс дистанциясының бас инженері Мақсат Исаяев бытыр қараша айының соңында үш модульдік үй жеткізілгенін айтты. Шағын, қолайлы да жайлы үй. Ішінде керектінің бәрі бар. Биыл алған үшеудің бірін осы Жастарға бердік, қалған екеуін де дайындап қойдық. Оларды Шешенқара, Аққолтай станцияларына орнататын боламыз, – дейді Мақсат Сейдалыұлы.

Суреттерді түсірген автор

ВЫСОКИЙ УРОВЕНЬ НАДЕЖНОСТИ



В ТРУДОВОМ РИТМЕ

Более 2 000 вагонов отремонтировали в Достыкском эксплуатационном вагонном депо в 2023 году. Для повышения надежности парка и обеспечения безаварийной работы на предприятии реализуется комплекс мероприятий.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматинская область

Зимнее время, по словам руководства депо, наиболее напряженный период: обильные снегопады и морозы негативно влияют на работу автотормозного оборудования грузовых вагонов.

